



Бекітемін
Мектеп директоры

Д.Н.Мырзақасымова

Шымкент қаласы «№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының биология және химия пәндері әдістемелік бірлестігінің 01.12-28.12.2023 күндері аралығында өтетін айлық жоспары

Тақырыбы: «Қоршаған ортаны қорғау»

Мақсаты: қоршаған ортаның табиғи жағдайын жақсарту, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, табиғи байлықтарды сақтау және көркейту негізінде табиғат пен қоғамның өзара үйлесімді әрекетін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық іс-шаралар жүйесі екенін ескере отырып, оқушылармен жерді сақтау, су ресурстарын, өсімдіктер мен жануарларды қорғау, ауа мен судың тазалығын қамтамасыз ету, яғни қоғам мен табиғаттың гармониялық қарым қатынасын қамтамасыз етуге оқыту, тәрбиелеу және іске асыру. Оқушы қоршаған ортаның ластану себептерін, өсімдіктер мен жануарлардың өлімдері, жердің құнарлығының төмендеуі, ауыз су қорының азаюы сияқты жағымсыз әсерлерін біліп қана қоймай, сонымен қатар, бұл жағдайдағы өзінің де жауапкершілігін сезіну, тиімді әрекеттер жасауға қажетті бағыттағы іс – әрекеттер жасауына ықпал ету.

Сыныптан тыс өткізілетін жұмыстар

№	Өткізілетін іс-шаралар	Мерзімі	Уақыты	Сынып	Жауапты
1	Айлықтың ашылуы «Таза аула, менің қосар үлесім»	01.12.23	12 ³⁰	7-11 сынып	Бірлестік мұғалімдері
3	Айлықтың жабылуы «Жақсылыққа жақсылық-әр адамның ісі-жамандыққа жақсылық- көргендінің нақты ісі»	28.12.23	13 ⁰⁰	7, 8, 9 сынып	Бірлестік мұғалімдері

Ашық сабақтар

№	Сабақтың тақырыбы	Пәні	Сынып	Мерзімі	Уақыты	Пән мұғалімі
1	Эндотермиялық және экзотермиялық реакциялар	химия	8 Е	04.12.23	1 сабақ 08.00-08.45 72 каб	Аманова Ж.
2	Митохондрияның құрылысы мен қызметтері	биология	10 F	07.12.23	2 сабақ 08.50-09.35 74 каб	Меңлібекова А
3	Жануарлардың тыныс алуы.	биология	7 F	08.12.23	2 сабақ 14.50-15.35 74 каб	Досбергенова З
4	Сутек алынуы, қасиеттері және қолданылуы	химия	8 В	11.12.23	1 сабақ 08.00-08.45 72 каб	Зияметова Н.
5	Тынысалу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі	биология	9 Е	11.12.23	4 сабақ 10.35-11.20 74 каб	Полатова Г.
6	Жүрек қантамырлар жүйесінің аурулары	биология	8 А	13.12.23	3 сабақ 09.40-10.25 74 каб	Алимбаева Г.
7	Химиялық тепе-теңдік және оның ығылуына әсер ететін факторлар.	химия	10 Б	14.12.23	2 сабақ 08.50-09.35 72 каб	Оралбекова К.
8	Жану үдерісі	химия	7 З	14.12.23	1 сабақ 14.00-14.45 74 каб	Әнуар М.
9	Тынысалу мүшелері. Адам тынысалу жолдарының құрылысы мен газалмасу мүшелері	биология	7 И	20.12.23	4 сабақ 16.35-17.20 74 каб	Абделі А.

ӘБ жетекшісі



К.Т.Оралбекова

«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
биология және химия пәндері әдістемелік бірлестігінің
01.12-28.12.2023 күндері аралығында өткен
айлыққа қорытынды анықтамасы

Тақырыбы: «Қоршаған ортаны қорғау»

Мақсаты: қоршаған ортаның табиғи жағдайын жақсарту, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, табиғи байлықтарды сақтау және көркейту негізінде табиғат пен қоғамның өзара үйлесімді әрекетін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық іс-шаралар жүйесі екенін ескере отырып, оқушылармен жерді сақтау, су ресурстарын, өсімдіктер мен жануарларды қорғау, ауа мен судың тазалығын қамтамасыз ету, яғни қоғам мен табиғаттың гармониялық қарым қатынасын қамтамасыз етуге оқыту, тәрбиелеу және іске асыру. Оқушы қоршаған ортаның ластану себептерін, өсімдіктер мен жануарлардың өлімдері, жердің құнарлығының төмендеуі, ауыз су қорының азаюы сияқты жағымсыз әсерлерін біліп қана қоймай, сонымен қатар, бұл жағдайдағы өзінің де жауапкершілігін сезіну, тиімді әрекеттер жасауға қажетті бағыттағы іс – әрекеттер жасауына ықпал ету.

Мектепішілік жоспарға сәйкес 2023 жылғы № бұйрығы бойынша апталықтың алдын ала жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспарға сәйкес фойе безендірілді. Оны безендіруге бірлестік мүшелері түгел атсалысып, оны ерекше етіп жасады. ӘБ мүшелері ашық сабақтар, сабақтан тыс шаралар өткізді. Әдістемелік бірлестіктер жұмысының ерекшелігі пән бірлестіктеріне апталықты өткізу барысында «Lesson study» бағдарламасымен терең білім беру, зерттеу арқылы баланың үлгерімі мен жетістігін бағалау ұсынылды. Біздің бірлестік жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып «Экологиялық сабақ» тақырыбын пайдаланатын болып шешілді. Осыған сәйкес сабақ барысында тапсырмалар беріп және оны орындату көзделді. Апталықтың ашылуын 27.12.23 күні сағат 12.00-де акт.залда ««Қоршаған ортаны қорғау»» тақырыбында Абделі Айдана мен Досбергенова Зауре өткізді. Онкүндік барысында «Таза сынып», «Тұрмыс қалдықтарынан бұйымдар» сайыстарын сырттай бақылау арқылы бағалау ұйымдастырылды, сайыс талаптарын түсіндірді. Сайыс басында оқушылар тұрмыстық қалдықтардан әр түрлі бұйымдар, заттар жасап, экологияны сақтап, қорғау барысында не жасауға болатыны жайлы өз ойларын айтып, жоспарларын ұсынды.

04.12.23ж Аманова Жанна химия пәнінен 8 3 сыныбымен «Эндотермиялық және экзотермиялық реакциялар» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ұйымдастыру кезеңінен бастап оқушылар сабаққа белсене қатысты.

Оқушылар үй тапсырмасы бойынша сұрақтарға тез-тез жауап беріп белсене қатысып отырды. Оқулықтағы міндетті оқып танысып шығаты. Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алды. Оқушылар жаңа тақырыпты жақсы меңгерді. 1 тапсырма «Кім жылдам», «Аквариум» әдістерімен реакция теңдеулерін меңгерді IDEAL тәсілі (жұптық жұмыс) Проблемалық жағдаяттар берілген ақпаратпен жұмыс істеуге қолайлы тәсілді қолданып қойылған мәселелерді шешті. Әр балаға өзіне арнайы қағаздарға тапсырмалар жазылған карточкалардағы есептерді оқушылар шығарды. Мұғалім оқушыларды «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын! Дей отырып бағалады. Бірін-бірі тексеріп, бағалау әдісі де болды. Химиялық диктант жазу арқылы көмек қолын қажет ететін оқушылармен де жұмыс қарқынды өтті. Оқушылардың бүгінгі сабақ туралы ойларын біліп, сабақ мақсаты жете алдық па, анықтау үшін кері байланыс орнатты. Қай топ жеңгенін анықтау үшін топтағы барлық стикерлер санады. Ал оқушыны бағалау үшін бағалау парақтарын тексерді. Оқушыларға үй тапсырма берілді, бағыт-бағдар айтылды.

07.12.23ж Меңлібекова Ақдина биология пәнінен 10 F сыныбымен «Митохондрияның құрылысы мен қызметтері» тақырыбында ашық сабақ берді, Психологиялық жағымды ахуал туғызу үшін «Өрмекшінің торы» әдісін пайдаланып, оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айту арқылы жіпті лақтырады. «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылды, оқушылар өте белсенді болды. Оқулықты оқып танысып шығады, тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады. Кітаптағы қолдану айдарындағы тапсырманы орындатты, талдау айдарындағы тапсырманы орындатады, яғни сурет бойынша сипаттады. «Еркін микрофон» әдісін қолданып, мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдады.

08.12.23ж Досбергенова Зауре биология пәнінен 7 B сыныпта «Жануарлардың тыныс алуы.» ашық сабақ өтті. Сабақтың алғашқы кезеңдерінен бастап оқушылар белсенді болды, жылдам топқа бөлініп бір-біріне тілектер айтты. Бейнеролик сабақты толық ашты, оқушылар қойылған сұрақтарға таласа жауап берді. Одан кейін тапсырмалар берілді, оқушылар дәптерлеріне жылдам орындап, мұғалімге таласа көрсетті, уақытында бағаланып отырылды. «Ара ұясы» әдісі тиімді қолданылды. Барлық оқушы дерлік сабаққа қатыстырылды. Рефлексияда оқушылар өз ойларын «Еркін микрофон» әдісімен айтып, сабақ көңілді және тиімді өтілді.

11.12.23ж Зияметова Нұрзия химия пәнінен 8 B «Сутек алынуы, қасиеттері және қолданылуы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесіп, түгендеді, психологиялық ахуал қалыптастыру: “«Айна»

стратегиясы ” әдісі арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастырды. Өз-өзіне деген сенімділікті қалыптастыру, жақсы көңіл күй сыйлай отырып, топтарға бөлді. Үй тапсырмасын өткен сабақ бойынша сұрақтар қоя отырып, пысықтап, еске түсіртті. Жаңа тақырыпты білу және түсіну «Мәтінмен жұмыс» әдісімен барлық топ кітаптағы 24 параграфты оқиды. Тақырыпты оқып болған соң әр топ өз топ аттарына сәйкес бөлек тапсырмалар орындады. I топ: vkontakte Реакция теңдеулерін аяқтап, теңестірді, II топ: whatsapp: Химиялық диктант жазды, III топ: instagram «Сурет сөйлейді» әдісімен топ берілген суреттер бойынша тақырыпты түсіндірді. «Кім жылдам» әдісі бойынша оқушылар жеке - жеке деңгейлік тапсырмаларды орындады, деңгейлік тапсырманы өз қалауынша таңдайды; әр оқушы таңдаған тапсырманы жеке орындады. Тексере отырып мұғалім бағалады. Оқушылар рефлексияны тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасады. Үйге тапсырма тақырыпқа сәйкес «эссе» жазу берілді. Сабақ өте тартымды өтті.

11.12.23ж Полатова Гаухандың 9 Е сыныбымен биология пәнінен өткен ашық сабағының тақырыбы « Тынысалу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі». Психологиялық жағымды ахуал туғызу үшін «Жақсы сөз жарым ырыс...» әдісін пайдаланып, оқушылар бір- біріне жақсы тілектер айтты. Жаңа сабақты Тынысалу мен шығарудың ерекшелігі неде? деген мәселелі сұрақ қою арқылы бастады. Сабақ барысында бірнеше әдіс-тәсілдер қолданды: «Жылдам сұрақтар», «Биологиялық диктант», «Венн диаграммасы», «Модельдеу», «Анықтама кестесі». Оқушылар үздіксіз тапсырмалар орындап, өте белсенді болды, тапсырмалар орындау барысында жеке, топтық, жұптық жұмыстар көрініс тапты. «Жетістік баспалдағы» рефлексиясында мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, кері байланысын тыңдады. Сабақтан жақсы әсерлер алдық.

13.12.23ж Алимбаева Гулбану 8 А сыныбымен «Жүрек қантамырлар жүйесінің аурулары» тақырыбында биология пәнінен ашық сабақ өтті. Оқушылар ұстазымен амандасты, мұғалім көңіл-күйлерін сұрау арқылы психологиялық ахуал жасады, оқушылар қоңыз қанатшасының астындағы жасырын сөздер арқылы топқа бөлінді. Оқушылар өткен сабақты еске түсіріп, берілген мозайкадағы суреттерді құрастырып, сол туралы 3 мәлімет айтты. Оқушылар видеода көрген мәліметтер бойынша өз ойларымен бөлісті. Білім алушылар қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы жаңа тақырыпты өте жақсы ашты. «Жарнама» әдісі. оқушылар оқулықтағы және мұғалім берген қосымша мәліметтерді пайдалана отырып, топта оқып, талдап

берілген тапсырма дескриптеріне сай жарнамалады. Топтық жұмыс орындай отырып оқушылар суретте берілген сөздерді ретімен орналастырды және дәптерлеріне жазып алды. Интербелсенді тақта, оқулық, суреттер, қағаз қиындылары, А3 парағы, маркерлер, желім, презентация қолданылды. «Диагноз қоя білеміз бе?» ойынында: Адамның саусақтары, аяқ және бет сүйектері ұзарып өссе қандай ауыру болады? Адам семіреді, оның дене температурасы 35 С болып, үнемі тоңады, күш-қуаты аз, әлсіз болып, ұйқысы келе береді. Тамақты көп ішкенмен салмақ қоспай, керісінше арықтайды деген тапсырмалар сабаққа қатысқан мұғалімдерді де ойландырды. Ал рефлексия «Білім поштасы» әдісімен оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын стикерлерге жаздырты. Почтаны оқушылар сабақ аяқтаған кейін оқып, мұғалім сабақта өз мақсатына жеткенін тағы да дәлелдеді.

14.12.23ж Оралбекова Калида 10 Б сыныбымен химия пәнінен «Химиялық тепе-теңдік және оның ығылуына әсер ететін факторлар» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ ұйымдастыру кезеңімен басталды, нтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда шаттық шеңбері жүзеге асырылды. Сабақ бірден жаңа сабақ меңгеру мақсатында берілген видео көрсетілім арқылы іске асты. Видеоны талдауда белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандырап, қолдау білдірді. Содан кейін мұғалімнің түсіндірмесі интерактивті тақтаны қолдана отырып жүргізілді, оқушылар қажетті мәліметтерді, формулаларды дәптерге енгізді. Жаңа сабақты бекітуге сұрауда «Лездеме сұрақтар» арқылы «Wordwall» сайтының мүмкіндіктерін пайдаланып өткізді. Тапсырмалар есептерден құралғандықтан жұптық және жеке орындалды. Бақылау сұрақтары қойылып, оқушылар толық жауап бермеген жерлерде мұғалім қолдау жасай отырып, толықтырды. Тақтаға 10 сөз жазылды, оқушылар рефлексиясы «Бір ауыз сөз» әдісімен сабаққа деген көзқарасын айтты. Сабақ оқушылардың толық жұмыс істеуімен бірқалыпты, жағымды өтті, мұғалім өз мақсатына жетті.

14.12.23ж Әнуарбек Маржан химия пәнінен 7 Б сыныбында «Жану үдерісі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ барысында интерактивті тақтада видео көрсетілім көмегімен темірдің жануын көрген оқушылар өз таңданысынмен химияға деген қызығушылығы артқаны көрінді. Сонымен қатар қағаздың жануы, парафин свечасының жануы, күймейтін қолдың жануын көрсетті. Оқушылар өткен сабақтар мен бос сабақты байланыстыратын бірнеше тапсырма орындады. Жас маман ретінде сабағын тиімді өткізе білді, оқушылармен жақсы байланыс орналастырды, олардың қызығушылығы артты.

20.12.23ж Абделі Айдана биология пәнінен 7 И сыныппен ашық сабақ өтті. Тақырыбы «Тынысалу мүшелері. Адам тынысалу жолдарының құрылысы мен газалмасу мүшелері». Сабақтың ұйымдастыру кезеңінде шаттық шеңберін құрып сынып ережесін еске түсірті, тілектер айтты. Өткен сабақ бойынша оқушыларға жалпылама сұрақтар қойды, жауап берген оқушыны смайликпен бағалады. Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқуға тапсырма береді, қажетті құралдарды таратты, яғни оқушының жұмыс жасауына жағдай жасады. Үш топ тақырыпша бойынша постер қорғаны, оқушылар дәптерге тапсырмалар орындады. Реттеп жазу, салыстыру, суретті сөздермен толтыру, толықтыру тапсырмалары орындалды. Рефлексия кезеңінде оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болды: ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын. Мұғалім өзіне сенімді, оқушылары да еркін, сабақ өз деңгейінде өтті.

Апталықтың жабылуы «Жақсылыққа жақсылық-әр адамның ісі-жамандыққа жақсылық- көргендінің нақты ісі» атты көрмеге ұласты. Жаңалық пен жаңашылдыққа бағытталған іс-шараның берері көп болды.

Апталық соңында, яғни 30-шы сәуірде әдістеме бірлестігі мұғалімдері мен сабаққа енген мұғалімдер өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды қорытындылады. Әрбір сабақты жеке талдап, жіберілген кемшіліктерді атап көрсетті. Апталықтың өткізілуіне «жақсы» деген баға берілді.

ӘБ жетекшісі



Оралбекова К.Т.